

Баспасөз хабарламасы

Нұр-Сұлтан қ., 6 мамыр 2020 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ өз акционерлеріне үндеу жолдайды**Құрметті «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлері!**

2020 жылы 27 мамырда «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы Акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбестен сырттай дауыс беру арқылы өткізіледі.

Жалпы жиналыстың күн тәртібінде 2019 жылға «ҚазТрансОйл» АҚ-тың таза табысын, өткен жылдардағы бөлінбеген пайдасын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және «ҚазТрансОйл» АҚ-тың бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін бекіту туралы қарастырылды.

«ҚазТрансОйл» АҚ 2019 жылға дивидендтер алу кезінде сұрақтарды болдырмау үшін акционерлерден тиісті дербес деректердің (оның ішінде банктік деректемелердің) акциялар тізілімдері жүйесінде жазылуын тексеруді және қажет болған жағдайда делдалдық компанияны дербес деректердегі өзгерістер туралы хабардар етуді сұрайды.

Инвесторлармен байланыс қызметі**«ҚазТрансОйл» АҚ**